



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

- способствует повышению эмоциональной незрелости и безответственности;
- учащается стрессовое состояние детей;
- дети не могут отличить где реальность и где виртуальность, это приводит к потере чувства естественной опасности.

Подводя итог можно сказать, что к применению информационно – коммуникационных технологий в процессе обучения учителям и преподавателям нужно подходить творчески, строго соблюдая санитарно– гигиенические нормы и не злоупотребляя компьютерными технологиями.

Список литературы:

1. Машбиц, Е.И. Психолого–педагогические проблемы компьютеризации обучения [Текст] / Е.И.Машбиц. М.: Педагогика, 1988 г. 192 с.
2. Проект дидактической концепции цифрового профессионального образования и обучения / В.И.Блинов, М.В.Дулинов, Е.Ю.Есенина, И.С.Сергеев. Москва: Перо, 2019 г. 72 с. – ISBN 978–5–00150–041–4
3. Арефьев, В.Н. Компьютерные технологии в науке и образовании [Текст] / В.Н.Арефьев // Методические указания к практическим занятиям. Ульяновск: УлГТУ, 2001 г. 42 с.
4. Андреев В.И. Конкурентология. Учебный курс для творческого саморазвития конкурентоспособности / В.И.Андреев. Казань: Центр инновационных технологий, 2013 г. 468 с.

ӨОЖ 371.388.6

ОҚУШЫЛАРДЫҒЫ ҒЫЛЫМИ–ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҒЫ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

*Байжанова Нурайна Галымжановна
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
Тобыл қаласы, Қазақстан
E–mail: nuray.pirmakhanova@mail.ru*

Аңдатпа

Бұл мақалада баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білімін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналатыны жазылған. Оқушыларды ғылыми жоба жұмысын жазуға ынталандыру, бейімдеу жайында жан–жақты талданылған.

Түйінді сөздер: ғылыми жоба, қабілет, дарындылық.

Аннотация

В этой статье отмечается, что обучение ребенка поискам, приобретение ему исследовательских навыков и знаний является важной задачей современной образовательной области. Всесторонне проанализирована мотивация, адаптация учащихся к написанию работы научного проекта.

Ключевые слова: научный проект, способности, талант.

Abstract

This article notes that teaching a child to research, acquiring research skills and knowledge is an important task in the modern educational field. The motivation and adaptation of pupils to the writing of the work of a scientific project are analysed in a comprehensive manner.

Key words: scientific project, abilities, talent.

Егеменді еліміздің тірегі білімді ұрпақ екендігі анық, демек бүгінгі заман талабына сай жастарға сапалы білім берудің, ғылымды дамытудың жаңа тұжырымдамасы білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір адамның нақты мүмкіндіктерін және оның өзін–өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді. Мұның өзі білім мазмұнын тұлғаны жан–жақты үйлесімді дамытуға бағыттайды.

Елімізде білім беру жүйесін жаңаша қалыптастырып оны бүкіләлемдік білім кеңістігіне ұластыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Білім беруді дамытудың бағдарламасы, тұжырымдамасы, әр түрлі қарулы–қарарлар, т.б. ағымдық іс–шаралардың барлығының мақсаты білім–ді де білікті тұлға тәрбиелеу болып табылады. Әсіресе дүниежүзілік тәжірибені ескере отырып, жаңа мазмұнда ғылыми және салалық білім беру бағдарламасын жасауда, шетелдің тәжірибесін оқу тәсіл–дері мен түрдері саласында пайдаланудың маңызы арта түсті. Халықаралық білім беру кеңістігіне ену біздің білім беру жүйесіндегі жүйеміздің дәрежесін арттыруға игі ықпалын тигізеді сөзсіз. Елімізде отандық білім беру жүйесін дүниежүзілік стандарттар деңгейіне көтеру бағытында әртүрлі іс–шаралар қарқынды жүргізілуде. Білім беру мазмұнын ізгілендіру қоғамның қазіргі әлеуметтік–экономикалық сұранысымен сәйкестендірілуде. Білім беру оқушы дүниетанымының, болмыс мәдениетінің, жалпы дамуының тетігі ретінде қолдануға бағытталуда. [1, б. 28]

Білім беру жүйесінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін барлық ұажетті жағдайларды жасау күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі. Өркениетті

елдер қатарынан көруні бүгінгі таңда әр мемлекеттің берік те спаалы біліміне сай болуында екендігі айқын. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда.

Әлемдік бірлестікте жаңа тенденциялардың дамуына байланысты білім беру жүйесі маңызды ресурс болып келеді. Бұл таңда оқушылардың өз бетінше білімдерін толықтыру, жаңа білімдерді алу тәсілдерін үйрету міндетіне көп мән беріп тұр. Мұндай жағдайда өзекті мәселенің бірі – өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, қоршаған ортадағы белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаның алдына мындай талаптар қойылып тұр: креативтік, белсенділік, ой-өрісінің кеңдігі, шығармашылық әрекетке қызығушылығының басымдылығы.

Мұның өзі баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, дарын иелерін жастарынан таңдай білу, оларды ерекше жетілдіруді талап етеді. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге жасалған теориялық талдаулар дарындылық пен шығармашылықтың табиғаты шексіз екенін, сондай-ақ оған ықпал ететін факторлардың да сан қырлы болатынын көрсетеді. Бірақ, дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі әлдеқайда тиімді болып табылады. [1, б. 123]

Баланы ізденушілікке баулу, оған ғылыми зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды мәселесі болып саналады. Ғылыми зерттеу дегеніміз ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір объект жөнінде жаңа білім қалыптастырумен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген объектілермен танысу. Балаларды оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығы қоршаған ортасына деген құштарлығының басымдылығымен түсіндіріледі. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді.

Зерттеуге қызығушылықты тудырудың маңызды алғышарты ретінде іс-әрекеттің кең әлеуметтік түрткілерін тәрбиелеу, оның мағынасын ұғыну, өз іс-әрекеті үшін зерттеп отырған үрдістерінің маңыздылығын түсіну болады. Осыған орай Аристотельдің мынандай сөзі бар: «Таң қалу арқылы адамдар философияға жақындай бастайды, олар алдындағы қиын мәселені шеше келе одан ары жолдың жалғасында одан да қиын мәселелердегі қиындықтарды түсінеді», яғни қызығушылық зерттеу әрекетінің қозғаушы күші. Қазіргі жас жектіншектердің негізгі міндеті – білім алу, ғылымды игеру. Білім-ғылымсыз ешбір қоғам алға баспайды, ешбір мемлекет күшеймейді.

Келешек мемлекетіміздің тағдыры білімді жастарға байланысты, бұл туралы Елбасы былай дейді: «тұрақты дамуға қол жеткізу үшін біз интеллектуалдық элитаға, жоғарғы технологияға, еліміздің ғылыми әлеуетіне сүйенуіміз қажет. Тек өзінің интеллектуалдық әлеуетінің арқасында ғана ел әлемдегі өзінің орнын ала алады». [2, б. 18] Ал іздену жұмыстары оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастырады.

Себебі, біріншіден, зерттеу барысында оқушылардың коммуникативтік мүмкіндіктерін дамытады: категориялық ұғамдарды қабылдау үшін базистік, арнайы терминдердің мәнін ұғыну керек. Мағлұматтарды түсініп қабылдамайынша, оқушы басты мәселелер бойынша қандай да бір шешім қабылдай алмайды. Екіншіден, зерттеу әрекеті ақпараттық қызмет атқарады: тақырыбына байланысты белгілі жүйелер және олардың құрамдас бөліктерін, құрылымдары, заттар мен құбылыстардың арасындағы өзара байланыстарды ашып көрсетеді. Сонымен қатар, Адам мен қоршаған ортамен байланыс жасаудың дағдысын игеру мүмкіндігіне ие болады. Біртіндеп ғылыми көзқарасы қалыптасады. Үшіншіден, зерттеу оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруға ең басты, ой-өрісін, жауапкершілігін, еңбекқорлық, шыншылдық, өзара қамқорлық, әдептілік пен сыпайлықты дамытуға үлес қосады.

Аталған негізгі коммуникативтік, ақпараттық және тәрбиелік мақсаттарға қол жеткізу үшін интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті жоғары балалардың өз бетімен білім алу мүмкіндігі болуы тиіс. Осы жерде оқушының зерттеу мәдениетінің қалыптасуына көмек беру мұғалімнің негізгі міндетінің біріне айналады. Бұл оқу-әдістемелік жұмысты жаңаша құруды талап етеді. Осыған орай мектебіміздегі эксперимент алаңында ұйымдастырылған «Зерттеу мәдениетін қалыптастыру» курсы бойынша жинақтаған тәжірибемізді ортаға салғымыз келді.

Зерттеуші-білім алушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім болып келеді. Білуге құмарлық, бақылау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу баланың балалылығымен жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігі-баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қараумен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыру мен көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа, өз бетінше зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде қабылдамай, өз зерттеуі арқылы алады.

Әдебиеттерге жасалған теориялық талдаулар дарындылықтың табиғаты шексіз екенін, сондай-ақ оған ықпал ететін факторлардың да сан қырлы болатынын көрсетеді. Бірақ дарындылық

пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі әлдеқайда тиімді болып табылады.

Балалардың дарындылығын дамытудағы бұл құралдың мәні, ең алдымен, зерттеушілік ізденістің жаратылыстан бөлінбейтін құбылыс екендігімен түсіндіріледі. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мәнез болып саналады. Ендеше, зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Бұл белсенділік оның жеке дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді.

Педагогикалық процесте балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы шешуші рөл атқарады.

Жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру үшін олардың өзгермелі әрекеттерін айналадағы нақты құбылыстар мен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың маңызы зор.

Зерттеу білігі мен дағдысы ғылыммен ғана айналысатын адамдарға ғана емес, сондай-ақ әр адамның әр түрлі саладағы қызметіне қажет. Шығармашылық ізденушілік кез келген кәсіппен тікелей байланысты. Зерттеу ісі қазіргі кезде аясы тар мамандандырылған қызмет болып табылады.

Бұл пікірімізді Абайдың жетінші қара сөзіндегі: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – «ішсем, жесе, ұйықтасам» – деп тұрады, екіншісі – «көрсем, білсем» деп, ержетің-кірегенде ит үрсе де, мал шуласа да «ол неге үйтеді», бұл неге бүйтеді» – деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрсейді, – деген ой-тұжырымы растайды.

Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады. [1, б. 48]

Егер оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету қажет болса, онда баланың қабілетін түрлі әрекетте көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет.

Ғылыми әдебиеттерде оқушылардың өзденушілік әрекетінде қолданылатын түрлі терминдер кезедеседі: ғылыми-зерттеу жұмысы, зерттеу жүргізу, зерттей оқыту, т.б. Әлемге жағалық әкелетін, алымның ақыл-ой әрекеті мен жаңаны тануға талпынатын баланың ақыл-ой әрекеті арансындағы ерекшелік бұрыннан танылған. Сондықта да жоғарыда аталған терминдердің мәні ғылым, зерттеу, ғылыми зерттеу сияқты базалық түсініктерді қалыптастырған. «Энциклопедиялық сөздікте» ғылым тарихи қалыптасқан және табиғат, қоғам, ойлау, олардың даму заңдылықтары туралы қоғамдық тәжірибе негізінде үздіксіз дамитын білім жүйесі ретінде анықталған. Ғылым әлемді өз қажетіне қарай өзгертуге белсенді адамзат таным қызметінің көпқасырлық дамуының нәтижесі.

«Зерттеу» түсінігі» энциклопедияда «жаңа білімді өңдеу процесі және таным қызметінің бір түрі болып сепетеледі» деп түсіндіріледі.

Ғылыми зерттеу – ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір объект жөнінде жаңа білім қалыптастырумен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген объектілермен танысу. Оның негізінде адам әрекетінің ең қиын түрі – ғалымның таным қызметі. Танымдық адам әрекет оқушы үшін еске түсіру (*репродуктивті*) мен өзгерту (*шығармашылық*) бағытында болуы мүмкін. Оқушының өзгертуәрекеті зерттеу деп аталатын тәсіл арқылы жүзеге асырылады. Интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті жоғары балалардың өз бетімен білім алу мүмкіндігі болуы тиіс. Яғни мұндай оқытуды бала өзі анықтайды, өзі басқарады, өзі жүзеге асырады. [2, б. 105]

Дарынды балаларды оқытууда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығшылығының жоғарылығымен, қоршаған ортасына деген құштарлығының басымдығымен түсіндіріледі. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйінде емес өзі ашады.

Қазіргі кезде қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық саласында түбірлі өзгерістердің болуына байланысты білім жүйесінде де, оның мазмұнын мен оқыту әдістемесінде де біршама жаңарулар болып жатыр.

Соңғы жылдары зерттеу қызметі мәселесіне «зерттеу тәртібі» деген жаңа термин енді. Бұл термин ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде бұрыннан қолданылады (мінез-құлқы мәдениеті, адамгершілік мінез, оқышының жүріс-тұрысы, тәртібі т.б.) Бұл сөздің түпкі мәні біреудің әрекеті немесе әрекеттер жиынтығын білідерді. Педагогикалық энциклопедияда «тәртіп» сөзі адмның және жануардың қоршаған ортасына қатынасын білдіретін әрекет ретінде қарастырылған. Адамның тәртібі саналы тұлғаның әрекеттер жүйесінен тұрады. Оныңжануарлар әрекетінен айырмашылығы қоршаған орта жағдайына саналы және мақсатты қызығушылық танытуында. Адамның мінез-құлқы арқасында қоршаған ортада өзгеріс болып, онымен бірге өзі де дамып жатады. Адамның өмір сүру тәртібінен оның болмысы, мінез-құлқы, темпераменті, көзқарасы, талабы мен талғамы көрінеді. Әсіресе эмоциясы мен сезімі басты рөл атқарады.

Баланың жүріс-тұрысындағы әрекеттер процесінде оның тұлғалық қасиеті қалыптасады. Тұлғаның қасиеті, жүріс-тұрысы қоғамдық қатынас мен тәрбиеге байланысты жинақталады.

Ал зерттеу тәртібін ғалым А.И.Савенков күрделі психологиялық құбылыс деп түсіндіреді. Ол өзінің бір кітабында зерттеу тәртібін «ақпараттар іздеу және нақтыланбаған іске бағытталған

төзімділік» деп көрсетеді. Одан әрі автор зерттеу тәртібі ізденіс белсенділігіндегі психологиялық қажеттілігі бар объектіментанысуға бағытталған әрекет екенін, зерттей оқыту – зерттеу тәртібіне негізделген оқытудың түр екенін атап көрсетеді. [3, б. 22]

Зерттеу тәртібінің негізінде баланың ізденушілік белсендігі, қоршаған ортаны танып білуге деген құштарлығы жатыр. Зерттеу тәртібінің жолына баланың табиғатын психикалық ішкі талабы қослады. Бұл қажеттіліктің негізінде И.В.Павлов анықтаған бағдарлы–зерттеу рефлексі жатыр.

Зерттеу тәртібі – кез келген тірі жанның белсенді өмір сүру тәртібінен бөлінбейтін құбылыс. Сондықтан ол ең маңызды дамыту қызметін атқарады. Айналасындағыларды танып білуге деген талпыныстың арқасында ғана тіршілік иесі белгілі бір ортаға икемденіп, өмір сүру тәртібін қалыптастырады.

Зерттеу тәртібі мен зерттеу әрекетінің әдіснамалық негізі әрекетте жатыр. Сондықтан оқушының зерттеу әрекеті, зерттеу тәртібі күрделі кіріктірілген білім болып табылады.

Зерттеу – дарынды балаларды оқытудың негізі. Онсыз баланың потенциалдық қабілетін ашу, дамыту мүмкін емес.

Дарынды оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру зерттеуге оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі ең тиімдісі зерттеуге оқыту біздің елімізде соңғы уақытта оқушылардың ғылыми қоғамын, ғылыми жобалар жарысын республикалық, сондай–ақ халықаралық деңгейде ұйымдастыру арқылы кең таралды. Жарыстардың даму динамикасына көпжылдық бақылау осы әдістің дарынды балаларды дамытудағы тиімділігі жөнінде қорытынды жасуға мүмкіндік береді.

Биік танымдық қабілет, тұрмыс–тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды. Сондықтан оқушыны ізденушілікке баулу ерте жасынан, бастауыш сыныптан бастаулы керек. Себебі бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып, танысуға деген құштарлығын әрқайсымыз білеміз.

Атақты жазушы Питер Клайн: «Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі» – деген екен. Осы орайда ұстаз ретінде өз іс–тәжірибемде дарыны мен қабілеті ұштасқан оқушыларымды ғылымға баулып, зерттеушілік қабілеттерін ұштастыруға қолымнан келгенше бағыт–бағдар беріп жүрмін. [1, б. 43]

Оқушыларды ғылыми–зерттеу қызметіне баулуда ғылыми мәселелерге қатысты мамандармен кездесіп, әдебиет, ақын–жазушылардың жазу ерекшеліген байланысты тақырыптарда жас ғалымдар облыстық, республикалық деңгейде өз жұмыстарын ұсынып, жетістікке жетуде.

Зерттеу тақырыптарының өзектелігі мен оның ғылым мен техника сұраныстарына сай терең теориялық білім мен ізденгіштікті ұштастыра отырып, талдау жүргізе алатын жас зерттеушілер жетерлік. Өз тәжірибемде әдебиеттану, әдебиеттегі ақын–жазушылардыңшығармашылығын заманауи тұрғыдан теориялық ұғымдар арқылы басшылыққа алып, жаңа қырынан зерттеп жүрген жас дарындардың жұмысы аудандық ғылыми жобалар байқауында жетістіктерге жетіп жүр.

Ғылыми техниканың жетістігіне сәйкес жас дарындарды зерттеудің негізгі мазмұны мен жекелеген тұжырымдар жасауға бағыт беру арқылы армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесе аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Педагогикалық энциклопедия 4 том, 1966 ж.
2. Жексенбаева Ү.Б. Әдістемелік құрал, Алматы, 2006 ж.
3. Жұмажанова Т.Қ «Әдебиетті оқыту әдістемесі» 2009 ж.